«Амангелді Газ» ЖШС – «Парыз» сыйлығының лауреаты 2
Газовый фактор 4
«Ембімұнайгаз» мұнай қорын ұлғайтты 9
Жетібайлық үздік маман – елорда төрінде 11

munailymeken.kz

Munaily meken

№ 12
Jeltoqsan
2019 jyl

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады



ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жетекші неміс компаниясымен меморандумға қол қойды

Желтоқсанның 5-і күні Қазақстан Республикасы Президентінің Германия Федеративтік Республикасына ресми сапары шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және Linde Aktiengesellschaft (Linde AG) немістің трансұлттық химиялық компаниясы арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумға ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және Linde AG Басқарма мүшесі, доктор Кристиан Брух қол қойды. Құжатқа сәйкес тараптар Қазақстан Республикасының аумағында табиғи және ілеспе мұнай газын кәдеге жарату мен өңдеу саласында, соның ішінде кадр дайындау, технология және тәжірибе алмасуда ынтымақтастық орнатуға уағдаласты.

«Бүгін қол қойылған Өзара түсіністік туралы меморандум газ өңдеу бағытына жаңа серпін беріп, алдағы серіктестігіміз Қазақстан экономикасы мен мұнай-газ секторына инвестициялар, технологиялар әкеліп, жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді деген сенімдемін» – деді өз сөзінде Алик Айдарбаев.

Айта кету керек, 2019 жылдың қазан айында ҚМГ және Linde AG мамандары Қазақстанның Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласында газ өңдеу зауытын салу жобасын іске асыру аясында бірлескен кәсіпорын құру мүмкіндігін талқылаған болатын.

Linde – бұл өнеркәсіптік және медициналық мақсаттағы газ өндіру және инжиниринг саласындағы әлемнің жетекші компаниясы. Linde инвестицияларының нәтижесінде Қазақстан аумағында заманауи әрі тиімділігі жоғары ауа бөлу қондырғылары салынды және пайдалануға берілді. M

ҚМГ Жылдық есебі мен Тұрақты даму туралы есебі үздік деп танылды

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Жылдық есебі мен Тұрақты даму туралы есебі 2019 жылғы жылдық есептер байқауында үздік деп танылды. Дәстүрлі байқауды «Қазақстан қор биржасы» АҚ қолдауымен «QRA» рейтинг агенттігі ұйымдастырып келеді.

«Үздік жылдық есеп» номинациясында жылдық есеп пен тұрақты даму туралы есеп бірге бағаланады. Сараптамалық комиссия есептің ақпараттық толықтығын, оның құрылымы мен оқылымын саралады. Комиссия құрамына корпоративтік басқару және есептілікті дайындау саласындағы кәсіби мамандар кірді.

Бұған қоса, ҚМГ «Жылдық есепте ESG-ақпаратының толық ашылуы» атты қосымша номинацияны да (Тұрақты даму туралы есеп) жеңіп алды. Бұл номинацияда корпоративтік басқару мен тұрақты даму мәселелері бойынша (оның ішінде әлеуметтік саясат пен қызметкерлерді басқару, қоршаған ортаны қорғау және басқа) ақпараттың ашылуына баға берілді.

Сондай-ақ, бірқатар номинацияда ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының жылдық есептері мен тұрақты даму туралы есептері үздік танылғанын атап өткен жөн. Тарқатып айтқанда, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның «Жылдық есепте стратегияның үздік ашылуы» номинациясын иеленді. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Жылдық есептің үздік интерактивті нұсқасы» санатында жеңімпаз атанды. Ал «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» тұрақты дамуды басқару мәселелерін үздік көрсетіп ашқаны үшін марапатқа ие болды.

Биылғы байқауда қазақстандық компаниялардың, оның ішінде 35 қаржы ұйымы мен 69 қаржылық емес ұйымның 111 жылдық есебі мен тұрақты даму туралы есептері талданды. Басты мақсат – компаниялардың мүдделі тараптары үшін ақпаратты тиімді ашуына ықпал ету.

Айта кетейік, ҚМГ өз қызметінде ақпаратты толық, ашық, жоғары деңгейде ашу және корпоративтік басқаруды жетілдіру саясатын ұстанады, қол жеткізген марапаттар соның айқын дәлелі болып табылады. M

«Амангелді Газ» ЖШС – «Парыз» сыйлығының лауреаты

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялары тобы құрамына кіретін «Амангелді газ» ЖШС бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсының «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясының лауреаты атанды.

Жылдағы дәстүр бойынша Президент сыйлығының лауреаттарын және «Алтын сапа», «Парыз-2019», «Қазақстанның үздік тауары» және «Ұлы дала елі» республикалық конкурстарының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі ҚР Тәуелсіздік күні қарсаңында өтті.

«Парыз-2019» сыйлығы «Амангелді Газ» ЖШС бас директоры Еркен Қасеевке табысталды.

«Парыз» сыйлығын табыстау жөніндегі комиссия «Амангелді Газ» ЖШС-ның қоршаған ортаны қорғау, табиғатты қорғау бағдарламаларын жүзеге асыру ісіне қосқан үлесін жоғары бағалады.

Кен орнындарында қоршаған ортаны және табиғатты қорғау бағдарламаларын іске асыру Компания жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Соның нәтижесінде, компанияның экологияға жағымсыз әсері барынша төмендеді.

Компания өз қызметін Қазақстанның Экологиялық кодексінің және басқа да заңнамалық және нормативтік актілерінің талаптарына сәйкес жүргізеді.

Кен орындарындағы барлық өндірістік және технологиялық процестер толықтай автоматтандырылған. Бұл газ дайындау процесін, ұңғымалар мен қондырғылар жұмысы режимінің өзгеруін бақылауға, қосалқы жүйелер жабдығының жұмысын қадағалау мен реттеуге мүмкіндік береді.

Айта кетейік, «Экологияға қосқан үлесі үшін» аталымында «Амангелді Газ» ЖШС екінші жыл қатарынан жеңімпаз атанып келеді. M

Құрметті әріптестер, қадірлі мұнайшылар!

Сіздерді Жаңа 2020 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Келер жыл ырыс-берекеге толы болсын!

2019 жылы біз көптеген ауқымды жұмыстарды атқардық. Өндірістік және қаржылық көрсеткіштер жоспарға сәйкес орындалды. Маңызды жобалар іске асып жатыр. Өндіріске озық технологиялар енгізілді. Жаңа нысандар пайдалануға берілді. Мұнай өнімдерінің жаңа түрлері шығарыла бастады. Әлемнің жетекші мұнай-газ компанияларымен ынтымақтастық орнаттық.

Еліміздің басты стратегиялық жобасы – «Сарыарқа» газ құбырын сонау Қызылорда облысынан Нұр-Сұлтан қаласына дейін тартып, құрылысын аяқтадық. «Сарыарқа» газ құбыры Қазақстанның орталық және солтүстік аймақтарын көгілдір отынмен қамтамасыз ететін болады. Бұл халықтың жағдайын, тұрмысын жақсартуда маңызы зор жоба.

Сондай-ақ, Атырау облысында мұнай-химиясы жобалары жүзеге асып келеді. Бұл полипропилен және полиэтилен өндіретін кешендер құрылысы. Қазіргі кезде құрылыс жұмыстары кестеге сәйкес жүріп жатыр.

Жалпы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы өзінің экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларын табысты жүзеге асыруда. Өңірлердің дамуына да қомақты қаражат бөліп, өзінің әлеуметтік міндетін ойдағыдай орындауда.

Компанияның қол жеткізген жетістіктердің барлығы Сіздердің еңбектеріңіздің, бірліктеріңіздің арқасы! Еселі еңбектеріңіз үшін ризашылығымды білдіре отырып, сіздерге зор денсаулық, бақыт және барлық игі жақсылықтарды тілеймін.

Жаңа жыл құтты болсын, әріптестер!

Алик АЙДАРБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы

Газовый фактор

Как газовая индустрия стала источником роста для национального благосостояния в Казахстане.

По итогам пяти лет деятельности национальный оператор АО «КазТрансГаз» обеспечил РК более $17,2 млрд валютной выручки, став наиболее прибыльным активом нефтегазового комплекса страны.

Финансовые показатели

Газовая отрасль в Казахстане, долгое время остававшаяся в тени нефтяной индустрии, сегодня быстро развивается. Уже сейчас удельный вес этого сектора экономики в ВВП страны составляет 1,8% и продолжает расти.

Сделав ставку на повышение эффективности бизнес-процессов и инновационные подходы к управлению газотранспортной инфраструктурой, «КазТрансГаз» на сегодня является наиболее современной и технологичной газовой компанией в центральноазиатском регионе, о чем говорят и цифры.

К примеру, если в 2014 году консолидированный доход группы компаний АО «КазТрансГаз» был на уровне 620,4 млрд тенге, то в текущем году ожидается, что он достигнет 2,1 трлн* тенге, т.е. этот показатель вырос больше, чем в 3,3 раза.

Кардинально изменилась ситуация и по результатам чистой прибыли. Пять лет назад компания работала в минус, а отрицательный показатель составлял 20 млрд тенге. В этом году в группе компаний «КазТрансГаз» ожидают чистую прибыль в размере 330 млрд тенге, демонстрируя рост профита в среднем на 20% в год.

СНИЖЕНИЕ ДОЛГОВЫХ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ ГРУППЫ КОМПАНИЙ АО «КАЗТРАНСГАЗ»:

2014 **12,2** млрд $

2019 **5,7** млрд $

Снижение ↓ **50%**

Стабильный cash flow позволил АО «КазТрансГаз» снизить долговое бремя на $6,5 млрд с $12,2 млрд в 2014 году до $5,7 млрд в 2019.

Казахстан – газовый хаб

Благодаря наличию развитой газотранспортной системы Казахстан обладает огромным транзитным потенциалом и по праву считается центральноазиатским газовым хабом. Получению такого статуса способствовала и реализация ряда ключевых газотранспортных проектов, в первую очередь, строительство магистральных газопроводов «Казахстан-Китай» и «Бейнеу-Бозой-Шымкент». Эти газотранспортные нити соединили газотранспортную систему Казахстана в единое целое и дали возможность задействовать значительный транзитный потенциал страны. В период с 2014 по 2019 год компания зафиксировала пятикратный рост объемов экспортных поставок газа с 1,8 млрд кубометров до 8,8 млрд кубометров.

ВАЛЮТНАЯ ВЫРУЧКА ЗА 5 ЛЕТ

17,2 млрд $

Впрочем, помимо транзита туркменского и узбекского газа в Китай, начиная с 2017 года Казахстан также поставляет на этот перспективный рынок сбыта и собственный газ, при этом продолжая экспорт и на традиционные рынки, в Россию и Европу. Все это обеспечило госбюджету внушительный приток валютной выручки в объеме $7,6 млрд за 5 лет.

По сути, успешная реализация транспортно-транзитного потенциала и экспортных возможностей стала для Казахстана таким же стабильным источником прибыли как экспорт нефти, урана или пшеницы. Таким образом, газовый фактор становится страновым преимуществом. К примеру, только в виде налоговых отчислений за пятилетний период КТГ перечислил в бюджет свыше 475 млрд тенге.

Более того, диверсификация газотранспортных маршрутов позволила КТГ обеспечить отечественным газом южные регионы и приступить к реализации масштабной даже по мировым меркам программы газификации страны. В частности, за последние пять лет доступ к газу в Казахстане получили более 2-х млн человек. Сейчас голубым топливом пользуется половина населения страны.

РОСТ ИНВЕСТИЦИЙ

112,3 млрд ₸

Сумма инвестиций в региональную газификацию и модернизацию газорапределительных сетей

Если жители западных и южных регионов воспринимают, как само собой разумеющееся, горящий на кухне газ, то теперь такая возможность появится еще у 2,7 млн жителей центрального и северного Казахстана. И все это благодаря инициированному «КазТрансГазом» строительству газопровода «Сарыарка».

За цифрами – реальные дела: в Кызылординской области газифицированы 5 районных центров – Аральск, Айтеке-би, Жанакорган, Шиели и город Байконыр. В настоящее время в этих населенных пунктах к газу подключены 132,5 тыс. абонентов.

Только одна станция, построенная в городе Актобе (АГРС-300), обеспечивает газом половину региона.

Газифицирован областной центр Алматинской области город Талдыкорган, а также города Талгар, Капчагай, Есик, Жаркент, Шелек.

«КазТрансГаз» полностью модернизировал устаревшую газотранспортную и газораспределительную системы двух крупнейших городов южного региона – Шымкента и Тараза. В этих городах многократно повысилась надежность всей системы газоснабжения.

СУБСИДИИ НА СДЕРЖИВАНИЕ ЦЕН

305 млрд ₸

Из-за сдерживания цен для потребителей внутреннего рынка КТГ был получен убыток, который был компенсирован за счет доходов от экспорта

Несмотря на рост числа абонентов, для рядовых потребителей газ по-прежнему реализуется по цене ниже себестоимости. Таким образом, национальный оператор сдерживает рост цен на газ, субсидируя их за счет собственных средств, вырученных от экспортной деятельности.

Амбициозно. Глобально. Важно.

За последние пять лет газовая отрасль пережила глобальную перестройку, и это стало возможным благодаря полной поддержке руководства страны.

Кроме увеличения экспорта и транзита природного газа, а также продолжения газификации страны, в планах национального оператора развитие и других направлений газовой индустрии.

Как считает финансовый аналитик Расул Рысмамбетов, самые положительные моменты в развитии газовой отрасли – это рост экспорта отечественного газа и увеличение транзита. «Казахстан на этом зарабатывает, и это нам выгодно. Что сегодня необходимо нашей стране, так это развитие газохимического производства. До сих пор недропользователи продолжают сжигать на факелах попутный нефтяной газ, который можно использовать», – говорит Расул Рысмамбетов.

Уже год, как в Актюбинской области заработал современный газоперерабатывающий комплекс Кожасай, построенный по инициативе АО «КазТрансГаз». Завод обеспечивает переработку попутного нефтяного газа, что позволяет получать до 400 млн м^3 товарного газа в год. Его продукция поставляется как на внутренний рынок, так и на экспорт в ближнее и дальнее зарубежье. Это первый проект отечественной газовой отрасли, реализованный исключительно за счет частных инвестиций в рамках государственной политики по энергетической и экологической безопасности. Его работой уже заинтересовались крупнейшие нефтегазовые компании, видя в подобных проектах огромную перспективу.

Кроме того, в рамках госпрограммы «Зеленая экономика» «КазТрансГаз» продолжит развивать рынок газомоторного топлива, сегодня его емкость 1 млрд кубометров в год. Этот проект уже поддержан правительством, в самых ближайших планах строительство 100 АГНКС по регионам Казахстана и на автобане Китай-Европа.

Стратегической задачей для нацоператора на ближайшие годы будет расширение собственной ресурсной базы. В мире наблюдается тенденция роста потребления газа, в будущем ожидается его дефицит. В Казахстане ежегодно увеличивается внутренний рынок, при этом производство товарного газа ограничено. Решить эту проблему возможно сокращением обратной закачки попутного нефтяного газа в пласты, полным отказом от его сжигания на факелах. Кроме этого, необходима целенаправленная геологоразведка и разработка новых месторождений с большими запасами газа.

Все намеченные проекты принесут большой, положительный эффект для экономики страны. Это позволит газовой отрасли не только оставаться лидером нефтегазового сектора, но и на долгие годы стать одним из самых доходных сегментов казахстанской промышленности.

**В консолидированный доход включены доходы совместно-контролируемых предприятий ТОО «Азиатский Газопровод» и ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент».* M

Суреттер сөйлейді:

2019 жылдың қорытындысы



Қазақ мұнайының 120 жылдығы кең көлемде атап өтілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Павлодар мұнай-химия зауытында болды

ҚР Премьер-Министрі А.Мамин Атырау мұнай өңдеу зауытына және «CASPI BITUM БК» ЖШС-не жұмыс сапарымен барды

«ҚазМұнайГаз» бірнеше жетекші компанияларымен ынтымақтастық орнатты. Олар: Socar, BP, Эни, Тоталь, ЛУКОЙЛ, Equinor, Татнефть, Linde AG

6–8 ▸▸

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаевты қабылдады

«Moody's Investors Service» халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ кредит төлеу қабілетінің рейтингісін өзіндік негізде «Ba2» деңгейіне дейін жоғарылатты

Fitch Ratings ҚМГ дербес кредит төлеу қабілеті рейтингісін «BB-» деңгейіне дейін көтерді, ұзақ мерзімді рейтинг «BBB-» деңгейінде расталды, болжам «Тұрақты»

«Қорқыт Ата» компрессорлық стансасы іске қосылды

Қазақстандық тұңғыш «Түркістан» фидерлік кемесі сапарға шықты

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бас директорларының мерейтойлық V форумы

Kazakhstan Energy Week 2019 аясында алғаш рет SPE Симпозиумы өтті

«Сарыарқа» газ құбырының құрылысы аяқталды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 100 ең ірі компания арасынан ашықтық рейтинг бойынша екінші орын алды

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына – 55 жыл!

«ҚазМұнайГаз» жанар-май құю стансалар желісі сатылды

«Қаламқас» кен орнында шыққан өрт ауыздықталды

Атырауда «Каспиймұнайгаз» филиалының жаңа кеңсесі ашылды

8 ▸▸

ҚазМұнайГаз Спартакиадасы – 2019

«ҚазМұнайГаз» Жаңаөзен қаласының 10 жасар тұрғыны Динара Тынымбайға қайырымдылық көмек көрсетті

«Үздік маман – 2019» – Татарстанда

ҚМГ Жастар форумы: жаңашылдық жетістікке жетелейді

Ембіліктер 8 баспананың кілтін тапсырды

«ҚазТрансОйл» кәсіпорындарында 420 студент ақылы тәжірибеден өтті

Цифровая трансформация: ответ на реальные проблемы бизнеса

10 декабря под председательством главы АО НК «КазМунайГаз» Алика Айдарбаева состоялось заключительное в 2019 году заседание Совета по модернизации и трансформации (СпМ) КМГ.

В ходе заседания спонсоры проектов Программы цифровой трансформации КМГ доложили о текущем статусе их реализации и представили результаты работ по курируемым инициативам трансформации.

Подведены итоги проекта «Внедрение новой модели управления техническим обслуживанием и ремонтами (ТОиР) в АО «Мангистаумунайгаз». В рамках проекта автоматизирован процесс управления ТОиР: реализован инструмент оперативного и стратегического управления за счет годового и ежемесячного планирования графиков плановых производственных ремонтов оборудования и приоритетного выполнения критических работ. Внедрен механизм формирования оперативных и аналитических отчетов по данным планирования и контроля затрат на техническое обслуживание и ремонт нефтепромыслового оборудования.

Кроме того, автоматизация процессов ТОиР обеспечит централизованный учет оборудования и его состояния и позволит усилить контроль за образованием неликвидных материалов на складах.

Управляющий директор по трансформации и цифровизации Нурлан УТЕНОВ акцентировал внимание членов Совета по модернизации на том, что отдельно взятые передовые технологии не дадут результата, если не будут накладываться на четко выстроенные процессы. Между тем, в основе эффективных процессов лежат правильно выстроенные потоки данных. Управление данными, их систематизация и анализ позволят создать условия для внедрения в КМГ передовых цифровых решений для улучшения операционной деятельности: применения интернета вещей, облачных вычислений, big-data, машинного обучения, искусственного интеллекта и многого другого.

В заключение заседания председатель Правления Алик АЙДАРБАЕВ призвал руко-

водителей группы КМГ к активному участию в разработке Стратегии цифровизации: «Изучая опыт работы партнеров, мы убедились – универсального подхода к цифровой трансформации нет. Каждая компания формирует свой портфель проектов, по своим критериям. Конечно, это связано с затратами. Но должны быть и выгоды. Текущий портфель трансформации - не окончательный. Будут новые проекты, приносящие пользу компании. Проекты надо искать на местах, отвечая на реальные проблемы бизнеса. К выбору цифровых проектов нужно подходить рационально. Это должно быть отражено в новой Стратегии цифровизации», – отметил А.Айдарбаев.

Разработка Стратегии начнется в 2020 году, участие в формировании документа примут все бизнес-направления компании. М

«Ембімұнайгаз» мұнай қорын ұлғайтты

Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссиясы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «С.Нұржанов» кен орнындағы мұнай қорының ұлғаюын бекітті. Өсім 9,6 млн тоннаны құрады. Нәтижесінде кен орнындағы өндірілетін мұнай қоры 40,5 млн. тоннадан 50,1 млн тоннаға дейін артты.

Қордың өсуіне сейсмикалық және ұңғыма деректерінің негізінде құрылымдық-тектоникалық үлгіні нақтылау, есептелген параметрлер, жаңа ұңғымаларды бұрғылау, С2 санаты бойынша бағаланған учаскелерді сынау негіз болды.

«Ескірген кен орындарын оңтайлы әрі ұқыпты пайдаланудың, сондай-ақ белсенді геологиялық барлау жұмыстарының арқасында «Ембімұнайгаз» өндірілетін мұнай көлемін арттырып, қордың едәуір өсімін қамтамасыз етті. Енді көмірсутек қорын 24% -ға ұлғайту туралы шешім қабылданғаннан кейін, кен орны өзінің өмірін бірнеше онжылдыққа ұзартады, мұнай өндірудің бұрынғы деңгейін сақтап, Ембінің одан әрі тұрақты дамуына септігін тигізеді», – деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков.

Айта кетейік, «С.Нұржанов» кен орны 1960 жылы ашылып, 1963 жылы сынамалы пайдалануға берілді. Ал 1966 жылдан бастап өнеркәсіптік игеру жұмыстары жүріп жатыр. Жалпы, кен орнының тарихында сегіз түрлі қорлар есебі жасалды. Соған сәйкес, кен орнының қоры жаңа көкжиектерді игеру мен сапалы геологиялық барлау жұмыстарының есебінен үнемі өсіп отырды.

«С.Нұржанов» кен орны Каспий маңы мұнай-газ бассейнінің тұзүсті мұнай өндірудің біраз бөлігін қамтамасыз етуде. Алembілік геолог-мұнайшылар қолданған барлау әдістерінің арқасында суланудың төмен деңгейі сақталуда. М

Научно-технический совет в действии

КМГ возобновил практику проведения заседаний Научно-технического совета, действующего под эгидой научно-производственного подразделения национальной компании – ТОО «КМГ Инжиниринг».

12 декабря 2019 года состоялось заседание НТС под председательством заместителя председателя Правления АО НК «КазМунайГаз по производству Жакыпа Марабаева. Глава производственного блока КМГ отметил важность и необходимость обсуждения текущих и перспективных вопросов технического развития компании, позволяющих повысить эффективность производства. На прошедшем мероприятии были рассмотрены вопросы унифицированных норм времени ремонтов скважин, определения продолжительности и стоимости ТКРС для группы компаний «КазМунайГаз».

Докладчиком выступил директор Департамента организации и нормирования технологических процессов ТОО «КМГ Инжиниринг» Павел Цыпин. В ходе заинтересованного обсуждения и обмена мнениями большинством голосов было принято решение одобрить и принять представленные на Научно-технический совет документы: «Унифицированные нормы времени на текущий и капитальный ремонт скважин для группы компаний АО «НК «КазМунайГаз», «Расчет суммарной продолжительности текущих и капитальных ремонтов скважин для целей бюджетирования», «Перечень и продолжительность сопутствующих регламентных работ, выполняемых при текущем и капитальном ремонте скважин», «Типовой состав и продолжительность видов работ по текущему и капитальному ремонту скважин», «Порядок формирования и пересмотра тарифов на текущий и капитальный ремонт скважин», «Формирование заказ-наряда для выполнения работ по текущему и капитальному ремонту скважин».

Члены НТС также одобрили проведение проекта по внедрению унифицированных норм времени, методических и регламентных документов по определению продолжительности и стоимости ТКРС в части капитального ремонта скважин на пилотных объектах месторождений АО «Эмбамунайгаз», ТОО «Казахтуркмунай» и ТОО «Казахойл Актобе».

В связи с передачей делопроизводства НТС вновь организованной службе научно-технического сопровождения КМГ Инжиниринг, планируется проведение заседаний НТС на регулярной основе. М

Бақытын тапқан мұнайдан

Мұнайшы кәсібінің баяғы даңқы қайта оралды. Қазір заңгер, экономист, менеджеріңмен қатар тұрғанда мұнайшының аты озып тұр. Мұнайшылықты таңдаған адамның мұнайға аз-кем күнге емес, осы жерден өмірлік несібесін айыруға келетіндігін мойындамайтын жан жоқ шығар. «Адыра қалған аспаннан, сұрадық жаңбыр Құдайлап» дейтін Маңғыстаудың жылдың төрт мезгіліндегі алаңсыз мінезіне бір төзсе, мұнайшы төзіп келеді. Сонда да олардың ата кәсіптен азар да безер болып жүргенін көрмейсің. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының Асар кенорнында еңбек ететін Ходжанепес Кемалов та сол ажарын даланың аптабы қарыған мұнайшының бірі.

Таң атысымен кеңсені бетке алады. Түнімен кірпік қақпай мұнай өнімін бақылап отыратын инженерлер аға технологтың бұл әдетіне әбден бой ұсынған.

– Амансыңдар ма, түн тыныш па, әйтеуір? Ұңғылар қалай, не өзгеріс бар? – дейді әдеттегідей.

– Технологиялық параметрлерде өзгеріс жоқ. Қысым бірқалыпты. Мұнай өндіруде іркіліс байқалмады, – деп жігіттер де істің барысынан хабар беріп жатады...

Жауапқа көңілі толса да, үстелдің бетін тұтас жауып жататын инженерлердің түні бойы толтырып шыққан етектей қағазына бір үңілмей кетпейді. Біреулерге тек құжынаған сандар болуы мүмкін. Ал оның көзімен қарағанда мына көсіліп жатқан қағаз – Асардың тынысы. Өндірілген мұнай көлемі қанша? Сулылығы, қысымы қандай? Бәрі сайрап тұр. Соны өз көзімен көрмейінше, көңілі көншімейді. Кісіге сенбегендігінен емес, әрине. Бұл қырық жыл бойғы тәжірибе, өндірістің ащылы-тұщылы сабағы қалыптастырған дағдысы.

Ходжанепес Кемалов 1958 жылы Ашхабад қаласында дүниеге келген. Маңғыстауға көшкен 1962 жылы әкесі Әбдіғали УКРС мекемесіне бұрғышы болып жұмысқа орналасады. Жеті бала тәрбиеленген шаңырақта әке мамандығына деген қызығушылық басым болды. Үш інісімен бірге мұнай саласын таңдаған Ходжанепес 1978 жылы әскерден оралысымен автомектепте оқиды. 1979 жылы АТП-3 мекемесінде жүргізуші болып еңбек жолын бастаған ол 1983 жылы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы ЦНИПР-ға оператор болып орналасады. 1993 жылы Өзен мұнай техникумын техник-технолог мамандығы бойынша бітірген маман сол жылдардан бастап, қай қызметті атқарса да, абырой-беделіне сөз келтірген емес. Көпті көрген, іс-тәжірибесі мол Ходжанепес ағамыз 2007 жылдан бері Асар кенорнында аға технолог болып еңбек етіп келеді. Мұнай-газ саласының дамуы жолында өзіндік үлесі бар мұнайшы, Қазақ мұнайының 120 жылдық төсбелгісінің иегері, бірнеше алғыс хаттармен марапатталған қарапайым еңбек адамы.

– Жер қойнауын игеріп, қазынасын игілікке жаратқан ел әрдайым дәулетті. Ерінбей еңбек етсең болғаны. Бұл Ходжанепес Кемаловтың өмірлік қағидасы. «Тек еңбек арқылы, тер төге жүріп жұмыс істегенде ғана берекеміз артып, мерекеміз көбейеді. Тұрмысың жақсарып, елдің еңсесі көтеріледі. Қара қазан оттан түспесе, балашағаға білім беріп, қатарға қоссаң, төрің тілекші адамнан арылмаса, жұртың аман-есен, бейбіт өмір кешсе, басқа бақыттың керегі не?!», – деп өзінің өмірлік тәжірибесімен бөліскен үш бала мен төрт немеренің атасы өткенге салауат, бүгініне шүкіршілігін айтудан бір сәтке таңған емес. М

Энергетиктер күні – елеулі мереке

Елімізде желтоқсан айының үшінші жексенбісінде Энергетиктер күні аталып өтеді. Бұл саланың өндірістегі маңызы ғана емес, ел өміріндегі орны да ерекше зор. Өндіріс жұмыстарында жоғары сұранысқа ие мамандықтың қыр-сырын меңгерген жандар айрықша құрметке ие. Мереке қарсаңында біз «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамының Электр цехының кабель желілерін жөндеу және құрастыру электр монтері Қамбарбек Омаровпен сұхбаттасқан едік. Ол электр цехында 2006 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Жанкелді ҚАРЖАН

– Қамбарбек Қантөреұлы, әңгімемізді сіздің Қаражанбас кен орнына жұмысқа келуіңізден бастасақ.

– Кабель тарту маманы болғандықтан, мені мұнда жұмысқа бірден қабылдады. Негізгі мамандығым – кабель сымдары желілерін құрастырушымын. 6-шы разрядты электр монтерімін. Авариялық жағдай орын ала қалса, қолдан келгенше жеделдетіп қалпына келтіреміз. Оның уақыты әр түрлі. Жаздың ыстығына, қыстың суығына қарау деген жоқ.

– Жұмыс барысында қандай қиындықтар кездеседі?

– Қиындықтар негізінен жауын-шашынды күндері болады. Ұңғымаларға барып тұрған сымдарды қазу барысында оған күректің

басы тиіп кетіп, абайсызда түрлі жағдайлар орын алу ықтималдығы жоғары болады. Қалай болғанда да, кез келген ақауды аз уақыт шамасында қалпына келтіруге тиіспіз. Менің жұмысымда біреуді ток соққан жағдай болған емес. Қасымдағы көмекшім жұмысқа кіріспес бұрын токты ажыратып, оны әлдекімнің қайта қоспауын және жөндеу жұмыстары аяқталғанша бақылап отырады. Қауіпсіздік техникасы бойынша ағат кеткен кезіміз жоқ.

– Қаражанбас кен орнында атқаратын негізгі жұмыстарыңызға тоқталып өтсеңіз.

– Әрине, Электр цехы Қаражанбас кен орнында мұнай өндіру барысында ең маңызды бөлімшелердің бірі екені даусыз, себебі кенорнындағы мұнай өндіру барысындағы техникалық процестің тоқтамауы үшін электр энергиясын үздіксіз берілуін қамтамасыз етеміз. Біздің жұмыс кен орнының барлық цехтарымен тығыз байланыста: мұнай өндіруден бастап, ұңғыларға су айдау, бу өндіру, станок пен жабдықтарға қызмет көрсету үрдістерін, кеңселер мен жұмыскерлер жатақханаларының жылы да жарық болуын қамтамасыз етеміз.

«Қаражанбасмұнай» компаниясында энергетиктердің үлесі мұнайшылардан кем емес, әр тамшы мұнайды өндіруде энергетиктің де еңбегі зор. Біздің өндірістің мұнайы ауыр, яғни парафині көп болғандықтан, өндіру технологиясы электр қуатын көп қажет етеді. Сол себепті біздің энергетиктер де үлкен өндірісте тынымсыз тер төгіп жүр.

Қазіргі таңда Электр цехының негізгі мақсатының бірі – электр қуатын тиімді пайдалану, яғни нақты бағыттарда қолданып, үнемдей білу. Соған байланысты қазір кен орнында конденсатор қондырғыларының күшін пайдаланып жатырмыз, жарық шамдарын светодиод түрлеріне ауыстыру жалғасуда, энергоүнемді трансформаторлар қойылуда және өндірісті барынша автоматтандыру ісі қолға алынған.

– Үлкен өндіріске жоғары кернеулі электр тогы көп мөлшерде қажет. Тұрақты электр қуатын қайдан алып отырсыздар?

– Жоғары кернеулі электр қуаты қаладағы «МАЭК»-тан 220кВ екі әуе желісі арқылы «УРПС» 220/110/10кВ қосалқы станциясына келеді. Сол станциядан кен орнындағы «Северная», «ПТВ», «Қаражанбас-2», «Промбаза», «Восток-1», «Восток-2» қосалқы станцияларына 110кВ және «Северная» қосалқы станциясынан «ППГ-2» қосалқы станциясына 35кВ әуе желілерімен тарайды. Ал осы қосалқы станциялардан кен орнындағы барлық мұнай өндіру-дайындау, бу өндіру, су айдау қондырғыларына электр энергиясы таратылып, бүкіл жұмыс процестері қамтамасыз етіледі.

– Электр тогы қанша пайдалы десек те, оның адам өмірі үшін аса қауіпті екенін де естен шығармаған абзал. Осы орайда мамандарды сақтандыру бағытында қандай шаралар атқарылады?

– Шынында да, электр тогының пайдасымен қатар төндіретін қаупі де зор. Бұл өзі көзге көрінбейтін, иісі, дыбысы жоқ физикалық құбылыс қой. Электр тогының бар-жоғын тек соған арналған аспаптың көмегімен білуге болады. Оның өзінде аспаппен жұмыс істей білетін арнайы маман болуы керек. Қаражанбас кен орнында жұмысқа жаңа кірген адамдар мен іссапармен жүрген қызметкерлерге тоқтың қауіптілігі туралы түсіндіру нұсқаулығы өткізіледі. Кен орнында тұрақты жұмыс жасайтын қызметкерлер жылына екі рет қайталама нұсқаулықтан өтеді. Электртехникалық қызметкерлер қауіпсіздік техникасының қағидалары мен талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Осы қағидалар бойынша олар жыл сайын арнайы біліктілік тексерісінен өтеді.

Сонымен қатар, барлық жұмысшылар арнайы киіммен, қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі. Әр еңбеккер жұмысқа кірісер алдында арнайы нұсқаулықпен танысады. Негізі, электр тогымен жұмысқа қатысты еңбекті қорғау шараларын тұтас бір жүйе деуге болады. Бұл жерде оның бәрін тізіп айту қажет бола қоймас.

– Кәсіби мереке қарсаңындағы тілегіңіз.

– Біздің кәсіби мерекеміз еліміздің Тәуелсіздік мерекесімен орайлас келетіні қуанышты жайт. Осындай мерейлі шақта еліміздің гүлденіп, көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген қазақстандықтарды ұлттық мерекемізбен, сонымен қатар, әріптестерімді кәсіби мейрамы – Энергетиктер күнімен құттықтағым келеді. Баршасына бақыт, зор денсаулық, амандық, сарқылмас өмір қуатын тілеймін!

– Әңгімеңізге рахмет. Мерекелеріңіз құтты болсын! М

Жетібайлық үздік маман – елорда төрінде

Жуырда Нұр-Сұлтан қаласында Еңбек Күніне арналған «Әлеуметтік инновациялар жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай жол ретінде» республикалық форумы өтті. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұйымдастырған шараға ҚР Президенті Әкімшілігінің, ҚР Үкіметінің өкілдері, Парламент депутаттары, республикалық жұмысшылар мен жұмыс берушілер бірлестігі, еңбек ардагерлері, жергілікті басқарушы органдар өкілдерімен қатар «Еңбек жолы» конкурсының аймақтық жеңімпаздары да қатысты.

Форумды ашқан ҚР Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев мерекенің басты мақсаты – еңбек адамы мәртебесін арттыру, жастар арасында жұмысшы кәсіптерді насихаттау және еңбек әулеттерінің жылдар бойғы дәстүрлерін нығайту болып табылатынын, «Еңбек жолы» байқауы еңбек адамдары туралы жағымды қоғамдық пікір қалыптастыруға және кәсіпорындар мен ұйымдарда жаңа еңбек әулеттерінің пайда болуына жағдай жасауға, қазақстандықтардың бойында республика экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосқан отандастары үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеуге негізделгенін атап айтты.

Байқаудың бірінші кезеңі аймақтарда «Үздік еңбек әулеті», «Өндірістің үздік жас маманы», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациялары бойынша өткен еді. Маңғыстау облысы бойынша әріптесіміз Нұрбол Еділов оқ бойы оза шауып, «Өндірістің үздік жас маманы» номинациясының өңірлік жеңімпазы атағын иеленді. Жастайынан мамандығына ерекше ден қойған Нұрбол «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға қарасты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында қабат қысымын ұстау цехының операторы болып 2012 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Еңбегіне лайық берілген мұнай саласындағы бірнеше алғыс хаттардың иегері және аймақтық «Үздік маман» байқауының үш дүркін жүлдегері. Ол республикалық «Еңбек жолы» форумының құрметті қонағы болу мәртебесіне ие болды.

Шара барысында ҚР Президенті мен ҚР Премьер-Министрінің алғыс хаттары, мемлекеттік марапаттар тапсырылды.

Форум соңында Бердібек Сапарбаев «Еңбек жолы» республикалық байқауының барлық қатысушыларын жеңістерімен құттықтап, жаңа табыстар мен еңбектеріне жетістіктер тіледі. М

Инновациялық идеялар анықталды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының денсаулық сақтау, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» атты жыл сайынғы байқаудың қорытындысы шықты. Ұсынылған жұмыстарды үш деңгейлі комиссия іріктеді. Әділ қазылар құрамына ҚМГ-ның, еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметкерлері кірді.

Байқауға Ұлттық компанияға қарасты 20-дан астам еншілес және тәуелді мекемелердің мамандары қатысты. Барлығы 103 өтінім келіп түсті. Жобаларды іріктеудің басты талабы идеяларды ҚМГ компаниялар тобында енгізу мүмкіндігі, сондай-ақ озық тәжірибелерді денсаулық сақтау, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласында пайдалану болды. Байқау нәтижесінде жеңімпаздары марапаттау рәсімі өтті. Үздік танылған қызметкерлерге Құрмет грамоталары және ақшалай сыйлықтар табысталды.

Конкурстың қорытындысы бойынша 1-ші орынды «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС өндірісті дайындау жөніндегі инженер Азат Сатыбалдин иеленді. Азат электронды рұқсат нарядты енгізуді ұсынды. Бұл рұқсаттың қолданыстағы құжаттармен салыстырғанда бірқатар басымдығы бар.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының жетекші инженер-энергетигі Нұржан Шуринов 2-ші орын алды. Нұржанның жобасы электр қондырғыларына абайсызда жақындау нәтижесінде электр тогымен зақымданудан қызмет көрсетуші персоналды қорғауды қамтамасыз ету үшін жеке кернеу дабылдағыштарын қолдануды қамтиды. Бұл құрылғының жұмыс жасау принципі электр өрісінің берілген деңгейі жоғарылаған кезде арнайы белгі береді.

Ал, 3-ші орын «ПетроҚазақстанОйлПродактс» ЖШС техникалық қолдау көрсету тобының әкімшісі Павел Сиковқа бұйырды. Павел Сиков ұсынған идея – аса қауіпті еңбек жағдайлары және/немесе қауіптің жоғары факторлары бар уческелерде еңбек ететін компания жұмыскерлерін SMART PPE («ақылды») концепциясы бойынша жеке қорғану құралдарымен қамту. Бұл инновацияны енгізу өндірістік жарақат алу қауіпі азайтуға септігін тигізеді, тәртіпті нығайтады. Сонымен бірге штаттан тыс апаттық жағдайлар болған кезде анағұрлым жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз! М

Не сбавляя оборотов!

На месторождении Каламкас ударными темпами продолжаются работы по улучшению социально-бытовых условий проживания нефтяников.

По словам заместителя начальника ПУ «Каламкасмунайгаз» по социальным вопросам Мурата Батыршаева, все работы ведутся с соблюдением необходимых норм и стандартов, согласно графика.

– К настоящему моменту силами ТОО «Oil Construction Company» завершен капитальный ремонт общежития на 52 койка-места (блок № 28), также завершены все работы и в блоке № 37, в ближайшее время ожидается заселение нефтяников, – говорит Мурат Батыршаев. – Департаментом капитального строительства совместно с ТОО «Caspian food» начинаются работы по капитальному ремонту общежития, которое планируется сдать в эксплуатацию в первом квартале 2020 года.

В 2020 году на месторождении Каламкас планируется капитально отремонтировать три общежития (блоки №№ 31,35,39), капремонт намечен и в столовой №3. В рамках реализации инвестиционной программы ТОО «Caspian food» в 2020 году будет построено новое общежитие на 50 койко-мест, а в первом квартале следующего года планируется завершить строительство нового прачечного комплекса, что позволит заметно улучшить качество оказываемых услуг. К празднику Наурыз планируется полностью благоустроить центральную площадь вахтового поселка.

Создание высокого уровня социально-бытовых условий, труда и культуры производства – является одним из приоритетных направлений для акционерного общества «Мангистаумунайгаз». М

Бұл менің қоқысым емес – өндірісім!

Гүлсім ОСПАН

Мұнай өндіру саласы – отын өнеркәсібіндегі жетекші рөл атқаратын сектор. Сонымен бірге негізгі стратегиялық шикізат көзі болып есептелінеді. Мұнайды өңдемей қолдана алмайды. Осы орайда «Өзенмұнайгаз» компаниясында мұнайды төкпей-шашпай, қалдықсыз өндіріспен айналысуға үлкен жауапкершілікпен қарайды. Биылғы жылы өзенмұнайгаздықтар үшін берекелі жыл болды. Көптеген ауқымды істер атқарылды.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №3 Мұнай газ өндіру басқармасындағы №61 топтық қондырғы ұжымының азаматтары өзара тату, бірлікте жұмыс істейді. Аталған топтық қондырғының шебері Бекәділ Қосбаев өзінің қарамағындағы қызметкерлері, жұмыс барысы туралы бізге аз-кем ақпарат берген еді.

– Біздің бөлімде бір ауысымда 7 адамнан 14 адам жұмыс істейді. 2 шеберіміз бар. 90-дай ұңғы бар болса, соның 80-і қозғалыстағы қорда. 10 скважина қозғалыссыз қорда. Ұзақ жылдар бойы осы бөлімнен табан аудармай қызмет атқарып келе жатқан Сәндібай Орысбаев, бесінші дәрежелі мұнайшы Совет Сәдуақасов «Өзенмұнайгазға – 55 жыл» медалін иеленді. Сәндібай Орысбаев екінші дәрежелі мұнайшы, оператор, сонымен бірге дәстүрлі әнші, түрлі мәдени шараларға белсене араласады. Бұлардан бөлек, әр түрлі спорттық шараларға белсенді қатысушысы Индира Есимова «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазмұнайгаз» ҰҚ АҚ еншілес компаниялардың арасында волейболдан спартакиадаға қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Ержан Әнтебаев деген жігітіміз қолкүрестен, кір тасын көтеруден МГӨБ ішілік, басқармаралық жарыстарға қатысып келеді. «Үздік мұнайшы» сайысына қатысқан Бағдат Қожанбетов деген жас маманымыз болашағынан үлкен үміт күттіреді. Барлығымыз жұдырықтай жұмылып, жоспардың орындалуына үлес қосып жатырмыз, – дейді ол.

Бекәділ Қосбаевтың айтуынша, аталған бөлім әлеуметтік пакетті уақылы алады. Ыстық тамақ, қолғаппен қамтамасыз етіліп жатыр. Барлық жағдай жасалған. «Жаңа модульді тұрмыстық – шаруашылық кешен 2013 жылы ең бірінші бізге пайдалануға берді. Типтік модульдік слесарлық бутка, құрал-саймандар буткасы, типтік қондырғының ішкі коммуникациялық жүйесі, ішкі құбырлар желісін, тоспаларды жаңартамыз деген жоспар бар. Скважина 2018 жылы 11 тексермелі качалка түрімен жаңартылды. Топтық қондырғыға НБ-125 сораптарының орнына жаңа типті мультифазалы сораптар қондырғысын Н маркалы ауыстыру жоспарланып отыр. Бәрі де отандық өнім. Кайдзенмен жұмыс істеуге талпынып жатырмыз», – дейді.

«Бұл менің қоқысым емес – өндірісім» деген жобаның қолға алынғанына да біраз уақыт болды. Бөлімдер таза өндіріс үшін, қалдықсыз өндіріс деген ұранмен жұмыс істеп жатыр. Мұнайдың төгілуіне, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу, өндірістік қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, азаматтық қорғау ережелерін, жеке қорғаныс құралдарын үнемі пайдаланып жүру – басты назарда.

Сондай-ақ, №1 МГӨБ-да №1 мұнай газ өндіру кәсіпшілігінде еңбек ететін аға шебер Асқар Ноғаев және оператор Есберген Ешпанов екеуі қосылып, өздерінің скважина айналасын жинап, өзге де мұнайшыларға үлгі көрсетіп жүр. М

Zero waste: каждый может изменить мир!

Алия АБДРАХМАНОВА

Главный менеджер департамента инвестиционного анализа АО «КазТрансОйл» Нагида Сайтгареева рассказывает о собственном опыте снижения нагрузки на окружающую среду. Ее пример показывает, от чего легко отказаться и что из «привычно одноразового» можно заменить на «осознанно многоразовое». Также коллега поделится своими полезными экопривычками.

Нагида – поклонница стиля Zero Waste. Она убеждена, что не наносить ущерба природе своей жизнедеятельностью – легко и очень важно. Ведь даже маленькая перемена, крошечный шаг в сторону экологичного образа жизни – огромное дело для всей планеты и каждого из нас.

– Нагида, что такое Zero Waste?

– Zero Waste, или «ноль отходов», это целая философия, которая определяет, что должно и не должно происходить с отходами. Этот образ жизни подразумевает осознание того, насколько ты дружественен природе, насколько ответственен за то, что происходит с окружающей средой. Я с детства любила смотреть познавательные передачи о природе. В одной из них как-то услышала, что качество воздуха, которым мы дышим, воды, которую пьем, продуктов, которые едим, зависит от того, насколько бережно мы относимся к природе. С тех пор мысли о том, как сохранить планету чистой, не выходили у меня из головы. Однажды, разбирая продуктовую корзину, я поняла, что использую очень много полиэтиленовых мешков. Отказ от них в пользу экосумок стал моим первым шагом в борьбе за экологическое здоровье. Экосумки легкие, удобные, их можно сложить до минимальных размеров и всегда носить с собой на случай неожиданной покупки. Вторым шагом стал отказ от одноразовых предметов из пластика. Во многих случаях их можно заменить на более экологичные.

– Чего мы не найдем в вашем мусорном ведре?

– За эти годы в корне изменилось мое отношение к мусору. Выбрасывать что-то в урну из автоматического и едва осознанного действия стало относительно редкой, исключительной мерой. К примеру, из очисток овощей и фруктов, кожуры от цитрусовых я делаю компост и примерно раз в месяц удобряю им деревья зеленого пояса столицы. Собираю картонные коробки, бумагу, газеты, затем сдаю их в пункт приема макулатуры.

– Насколько вам сложно следовать этим принципам?

– Достаточно сложно! Современный город всячески способствует тому, чтобы мы производили как можно больше мусора. Полки магазинов заставлены продуктами в пластиковой упаковке. На кассе покупатели по умолчанию укладывают в пластик даже то, что уже упаковано.

– Как относятся близкие люди к вашему образу жизни?

– Первое время относились со скепсисом. Говорили, – мол, что может сделать для экологии планеты один человек? Противились ходить в магазин с экосумками. Говорили, что им стыдно – люди смотрят, постоянно спрашивали меня, зачем я ношу с собой тканевые сумки. Я не уставала рассказывать о вреде полиэтиленовых пакетов, о том, как долго они разлагаются и как засоряют планету. Сегодня мои родители и близкие ходят в магазин только с экопакетами. И коллеги меня тоже поддерживают. Некоторые ходят пить кофе в кофейню со своими кружками. На работе мы стараемся не использовать пластиковую посуду.

Знакомые шутя говорят: «Давай ты будешь нашей Гретой Тунберг в Казахстане. Откроешь движение и будешь пропагандировать экологичный образ жизни».

– Есть ли у нас в городе экологическое движение Zero Waste?

– Да, такое сообщество существует. Я сейчас состою в двух активных чатах в WhatsApp. Там мы информируем друг друга, где в городе можно купить тот или иной экологичный продукт. Раз в неделю собираемся, чтобы поделиться своими новыми экопривычками. Здесь я узнала о существовании мобильного приложения EcoCity. Благодаря ему можно ознакомиться с пунктами приема вторсырья и найти их месторасположение в городе.

– Ваши лайфхаки по экологичному образу жизни?

– Я всегда ношу с собой многоразовые сумки и раздаю их близким, родственникам, друзьям – никаких одноразовых пакетов из магазинов! Пусть ваш «пакет с пакетами» скорее превратится в «сумку с сумками».

Вам точно не составит труда найти и подобрать для себя твердые шампуни, бальзамы, мыло и даже зубные пасты и хранить их в многоразовых баночках-коробочках, вместо того чтобы каждый раз покупать косметику в пластике и думать о том, куда же и когда его теперь сдать. Ну и, конечно, старайтесь выбирать безопасные для вас и природы средства для уборки, стирки и прочих бытовых нужд.

Сортируйте и сдавайте в переработку мусор, бытовые отходы выбрасывайте просто в ведро, без пластикового пакета. Сдавайте старые вещи в переработку, экономьте воду и электроэнергию, подходите осознанно к покупкам и учите этому своих родных и близких. Сократите потребление товаров, используйте, что можно, повторно, сдавайте пластик, макулатуру на переработку – вот основные правила осознанной жизни Zero Waste! М

МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінде есепке қойылып,
№ 17496-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Д.Қонаев көшесі, 8 үй,
16 қабат, 1617 бөлме.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:
Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz
Ұлан Смаилов – U.Smailov@kmg.kz
Рэмир Нигматулин – R.Nigmatulin@kmg.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz
Ақсана Джапарова – A.Japarova@kmg.kz
Лаура Задабекқызы – L.Zadabekkyzy@kmg.kz
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: **+7 (7172) 78 91 49**
e-mail: **mm@kmg.kz**

Газет айына 1 рет шығады,
Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе.
Тел.: +7 (7172) 68 00 79